



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
201_жылғы «__»_____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__»_____, 201_года
№ _____

№ исх: ДЗ-126 от: 04.05.2017

2017 жылғы 3 мамырда
жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Б.Ә. Сағынтаевқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!

Менің депутаттық сауалыма себепші болған «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде 2017 жылғы 4 сәуірде жарияланған «Айыппұл ауа бола ма?» атты мақала болып отыр.

Шынында да, ауа ластануының көтеріңкі деңгейі Өскемен, Павлодар қалаларында және еліміздің мұнайлы өлкелерінде байқалып отыр.

Бұл шаһарларда негізінен өндірістік кәсіпорындар көздерінен атмосфералық ауаға ластағыш заттар нормадан тыс көп шығарылуда. Жыл сайын бұл аймақтарда ауа қабатына зиянды газдардың миллиондаған бөлігі шығады. Мысалға Батыс Қазақстанда орналасқан бір ғана «Теңізшевройл» компаниясы соңғы үш жылда 36 рет улы қалдық таратып, Теңіз кен орнында экологиялық рұқсатсыз 33 млн кубометрден астам газды ауаға жаққан. Сонымен қатар, Ақтөбеде, Теміртауда басқа да өңірлерде орналасқан ірі, алпауыт кәсіпорындар ауаны ластауды тоқтатар емес.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің 2016 жылғы ақпаратына сүйенсек орта есеппен қоршаған ортаға келтірілген залалдар бойынша 31 млрд. 217 млн. теңге айыппұл салынған.

Дегенмен, мақалада ауаны ластап тек қана айыппұл төлеумен шектеліп, ешқандай шара қолданбай отыру әдетке айналып отырғанын алға тартып отыр.

Ал халықаралық тәжірибеге сүйенсек, атмосфераға залалды заттардың шығарылуын қысқарту үшін ең әрекетті механизмдер қолданылады. Солардың басты түрлерінің бірі салық жүйесі саясаты болып табылады. Бұл тәсіл кәсіпорындар тарапынан төленентін салық мөлшерін қысқарту үшін атмосфераға залалды заттардың шығарылуын барынша азайтуға бағытталған, бұндай шара кәсіпорындарды жаңа тәсілдерді іздестіруге ынталандырады деген сөз.

Ал біздің өңірлерде керісінше төленген айыппұлдар ешқандай нәтижеге жеткізбей, әдеттегідей, өндіріс орындары тек қана айыппұл төлеп, еш шара қолданбай, келесі айыппұлға дейін ауаны ластауды жалғастыра беруінде.

Осыған байланысты, құрметті Бақытжан Әбдірұлы, тек айыппұлмен шектелмей, Сізден, тиісті құзыретті органдарға ауаның ластануын алдын алатын, атмосфераға залалды заттардың шығарылу мөлшерін азайтатын озық тәсілдерді ойластырып, жүзеге асыруға және қажет болса басқа да іс-шараларды қарастыруыңызды сұраймын.

**Құрметпен,
«Нұр Отан» партиясы
Фракциясының мүшесі**

Ж. Дүйсебаев

*Орын: М. Дюшева
тел. 74-64-16*